



Павлодар облысының мәдениет басқармасы
С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана

*«Бір ел – бір кітап» – 2011
Аймауытов Ж. «Ақбілек»*

Жүсіпбек Аймауытов

Библиографиялық көрсеткіш

2-ші басылым, толықтырылған

Павлодар, 2011

УДК 821.512.122 (092)
ББК 84 Қаз-91
Ж 90

Жүсіпбек Аймауытов: Библиографиялық көрсеткіш. Жусупбек
Ж 90 Аймаутов: Библиографический указатель / С. Торайғыров атындағы
ОӘҒК. ООУНБ им. С. Торайғырова. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 164 б.,
қазақша, орысша.

ISBN 9965-08-495-5

УДК 821.512.122 (092)
ББК 84 Қаз-91

ISBN 9965-08-495-5

© С. Торайғыров атындағы ОӘҒК, 2011

Жүсіпбек Аймауытов

Жазылмас жарақатын жылдар емдер
Жоқтаусыз қалмайды әсте шын кемеңгер!
«Тоздырған топырағын топан із жок,
Көз жұмған бұл арада кім?» демендер.

Уақыттың уын бекер ішіп пе еді?..
Келіндер, бақтарыңнан түсіп бері!
Дарынды дархан елдің жатыр мұнда,
Ар ұлы – Аймауыттың Жүсіпбегі!

Жазушы, ақын, сыншы, ұстаз әрі...
Қайнаған қасіреттің мыс қазаны!
Кетіпті шерін бірақ тарката алмай,
Жетіпті бір басына ішкі азабы!..

Күйғандай өзеуреген өртке жасын,
Қиынға қайрап салса «Қартқожасын» –
Үмітін Тұлпар-жырға үкі қылып,
Кара нар – кара сөзге артты азасын!

Жазықсыз жапа шеккен «Ақбілегі!»
Ақ жүрек, ақ көңілі, ақ тілегі!..
Жауының табанына тапталғанда,
Жанының түпкірінде жатты кегі!

Азабын, азарын да, ыза-кегін, жас-кәрі,
Жүз құбылған қыз әлемін
Сыйғызған сиқырлы өнер сарайында –
Қаһарлы Қағидасын бұзады өлім!..

Пенденің Патшасынар пақыр-езі,
Ішінде сол Сарайдың жатыр өзі!
Бақыттың баяндысы назданса да,
Уақыттың кез болды, әттен, қатыгезі!

Қатыгез Уақыттың зерегі боп,
Қалдырған зиялыға дерегі көп...
Ойлаңдар «Қарасөздің қағбасы» деп!..
Қоймандар! Құлпытастың керегі жоқ!

Әбдіраштың Жарасқаны

АЛҒЫ СӨЗ

...Асқар таудың өлгені-
Басын мұнар шалғаны...
Қара жердің өлгені-
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді! –

деп, Бұқар жырау айтқандай, – әр елдің, әр халықтың рухани, мәдени, тарихи құндылықтары бар. Ол құндылықтар қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге барады. Қазақ елі бай ел. Оның ішінде, Ертіс өңірі – мәдениет пен тарихқа, әдебиетке бай өлке.

2007 жылдан бастап ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігінің қолдауымен ҚР Кітапханалық Ассоциациясы мен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бастамасымен «Бір ел – бір кітап» акциясы ұйымдастырылуда. Бұл жобаның мақсаты – оқуды жандандыру жөніндегі бағдарламаны дамыту, сауаттылық пен оқу мәдениетін қолдау, рухани мұраны сақтау, ана тіліне деген қамқорлықты күшейту, сондай-ақ, жастарға адамгершілік және патриоттық тәрбие беру.

Кезекті **«Бір ел – бір кітап»** акциясына жерлесіміз, көрнекті жазушы, ақын, драматург, публицист, сыншы, аудармашы Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романы таңдалды.

XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі – **Жүсіпбек Аймауытов**.

Биыл қазақ елінің тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғанына жиырма жыл болды. Жүсіпбек Аймауытов шығармасын таңдау кездейсоқтық емес, тәуелсіздікті аңсап, қазақ халқының отаршылдық пен ауқатты топтар езгісіне қарсы тұрып, тәуелсіздік үшін күрес идеясын сусындатқан жазушы.

...«Ақбілек» романы ұлттың талайлы тарихын, қазақ өмірінің қиын да күрделі кезеңін, басты тұлғаның ауыр да сындарлы сәттерін тағы сондай нақтылы көрініс, шынайы оқиға, бедерлі бейнелер ар-

қылы көрсетіп, тақырып табиғатын, көркемдік-эстетикалық мұраттарды шебер де шешен, шынайы үлгіде баяндаған байыпты, тағылымды туынды шығарма болып саналады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы «Қайта оралған қаламгерлер» Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиевтердің шығармашылығы, өмірі мен қызметтеріне қатысты библиографиялық көрсеткіш құрастырып, тұңғыш рет 1994 жылы оқырман назарына ұсынған.

2004 жылы С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана Жүсіпбек Аймауытовтың 115 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш құрастырды. Ал, биылғы жылы осы көрсеткіш толықтырылып, екінші рет шығарылып отыр.

Бұл құралға бірінші көрсеткіш жарыққа шыққаннан кейін жарияланған материалдар енгізілді.

Көрсеткішті жасауда библиографиялық құралдар, ҚР ҰАК, Ұлттық кітапхана, әл-Фараби атындағы ұлттық университет ғылыми кітапханасының электронды каталогтары, ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының басылымдары, С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың кітап қоры, анықтамалық-библиографиялық аппараты және басқа басылымдар пайдаланылды. Кейбір қазақ тіліндегі Ж.Аймауытов туралы материалдар арнаулы тақырыпты топқа жиналыстырылған.

Осы көрсеткіште филология ғылымдарының докторы, профессор, педагогика ҒА корреспондент мүшесі, ҚР ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ж.Аймауытовтың шығармашылығын тереңірек зерттеген ғалым Серік Қирабаевтың «Жүсіпбек Аймауытов» атты мақаласы және филология ғылымдарының докторы, профессор Рақымжан Тұрысбектің «Ақбілек» романына арналған «Ұлттық проза және «Ақбілек» әлемі атты мақалалары берілген.

Редакторлар, аудармашылар және рецензенттер есімдері алфавиттік көрсеткіште көрсетілген.

Көрсеткіш кітапхана, мұражай қызметкерлері, жоғары оқу орны және мектеп мұғалімдері, аспиранттар, студенттерге, жалпы Ж. Аймауытовтың шығармашылығымен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

Бұл библиографиялық құрал туралы пікірлеріңізбен тілектеріңізді мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз:

637000 Павлодар қаласы

Академик Сәтбаев көшесі, 104

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың
ақпараттық – библиографиялық бөлімі

[http: www.pavlodarlibrary.kz](http://www.pavlodarlibrary.kz)

e – mail: [library@ pavlodar.kz](mailto:library@pavlodar.kz)

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ол қазақ халқының отаршылдық пен ішкі ауқатты топтың екі жақты езгісіне қарсы тәуелсіздік үшін күрес идеясымен сусындап, әдеби шығармашылығының төңкеріс тұсында бастады да, оны 20-жылдары айрықша дамытып жетілдірді. Ақын, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы Жүсіпбек бұл кезде әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді жұмыс істей жүріп, осы жанрлардың ұлттық әдебиетімізде орнығуына, шеберлік жағынан жетілуіне аса зор еңбек сіңірді. Қоғамдық дамудың бағыт-бағдары мен заманның қайшылықты сипаты жайлы кең толғанып жазды. Сөйтіп, ол азаттық, бостандық ұраны астында туған жаңа әдебиеттің көш бастаушыларының легінде болды.

Жүсіпбектің өміріне қатысты деректер де көп сақталмаған. Қазіргі бізге белгілі мәліметтер жазушының 1928 жылы Смағұл Садүақасовтың сұрақтарына берген жауабынан алынып жүр. Смағұлдың кейбір жазушылардың өмірі мен шығармашылығы жайлы жинаған анкетасы М. Әуезовтің архивінде сақталып, кейін Жүсіпбек ақталғаннан кейін ғана жарық көрді¹. Одан кейінгі бір қатар мәлімет С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) кітабында келтірілген. Жазушы өміріне қатысты бұлардан басқа арқа сүйер деректер жоқтың қасы. Кейінгі жылдары Жүсіпбек ақталғаннан кейінгі жиналған мәліметтер арасында да оның өмірбаянын толықтыратын деректер көп емес. Жазушыны білетін адамдар да, жақын туыстары да бүгін аз қалған. Жас қалған балаларының белгілі жайларға қосары шамалы. Дегенмен бұрынғы мәліметтер, соңғы деректер, архив жаңалықтары, бірен-саран жазушыны білетін адамдардың естеліктері негізінде қазір Жүсіпбектің өмірі жайлы ұғым-түсініктің өрісі бірсыпыра кеңейіп қалды.

Жүсіпбектің туып-өскен жері – қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы. Жазушы өзі: «Қызылтаудың бауырындағы

¹ Қазақ әдебиеті., 1988, 23 желтоқсан.

Қараның адыры деген жерде Дәндебай ауылында тусам керек. Руым – Сүйіндік, оның ішінде Күлік, Айдабол. Күлік бір туысады. Сұлтанмахмұт Айдаболдан. Екеуіміз сегізінші атадан қосыламыз. Мәшһүр-Жүсіппен жетінші атадан қосыламыз» – дейді. Бұл жер бұрын Семей губерниясы, Павлодар уезі, Қызылтау болысының бірінші ауылы саналған. Қазір онда жазушы атында ауыл (бұрынғы «Қызылтау» совхозы) бар. Жүсіпбек осы жерде 1889 жылы (өз айтуы бойынша «сиыр жылы») туған.

Жүсіпбектің әкесі Аймауыт (жергілікті адамдардың айтуына қарағанда, шын аты – Оймауыт) бес ағайынды болған. Дәндебайдың бәйбішесінен Аймауыт пен Иса, тоқалынан Оспан, Абайылда, Әбдраман туған. Бәйбіше балалары кедей, тоқал балалары ауқатты болған. Оның үстіне Оспан орысша оқып, фельдшер мамандығын алған, әуелде мал дәрігері, кейін тілмаш, болыс болған адам.

«Исаның балалары Оспанның жылқысын бақты. Біз (Аймауыт балалары) тоқал тұқымының уақ балаларын оқытып, кебеже, шкафтарын істеп, апаларымыз алаша, буларын тоқып, орамалдарын, жастық тыстарын кестелеп, керегіне жарадық», – дейді Жүсіпбек.

Кедейліктің, жоқшылықтың зардабын тартқан Аймауыт балаларын «мал табуға» дайындаған. Ол оқу-білім қууды, көлөнер кәсібіне үйренуді «мал табудың» негізгі жолы деп ұққан. 15 жасқа дейінгі өмірін Жүсіпбек ауыл молдасынан оқуға арнайды. Әуелі Жүніс қожадан, содан кейін Шәймерден қожадан, Қожахмет молдадан, Қапар қажыдан, Мұхамеджан деген кісіден сабақ алып, жалпы саны 5-6 жыл ішінде ескіше едәуір білімін көтереді. Содан кейін аз уақыт өзі молдалық құрып, бала оқытады. «Қартқожа» романындағы бала молда бейнесінде жазушы өз өмірінің осы тұсын суреттеген.

Өстіп жүргенде Баянауылда орыс мектебі ашылып, Жүсіпбек 1907 жылдан бастап сонда барып оқиды. «Оспанның Серебрянников дейтін тілмашы мені тәуір көруші еді. Баянда соның үйінде жаттым. Баянда бір қыс оқып, екі бөлімін бітіріп, келер жылы Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық (сельхоз) мектебіне барып, емтихан ұстадым», – дейді ол. Бірақ ауыл шаруашылық метебінде ұзақ оқи алмайды. Бір айдай ауыл шаруашылық жұмысына қатысып, одан кейін екі ай ғана оқуға мүмкіндік алған Жүсіпбек мектеп режимі

мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады.

Осыдан кейінгі біраз уақытын ол ауылда бала оқытумен өткізеді. Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырады. Содан 1911 жылы Керекуге келіп, екі класта орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1919 жылы бітіреді. Семинарияда Қ. Сәтпаевпен, М. Әуезовпен танысады, бірге оқиды.

Кедей семьяда туып-өсіп, жоқшылық астында үзіп-жұлып оқыған Жүсіпбектің есейген шағында білім алуы да оңайға түспеген. «Үйінен келетін көмек жоқ, өз еңбегімен күн көретін, – дейді оның бірге оқыған бір замандасы. Қалада тұратын ауқатты адамдардың малын күтетін, қорасын тазалайтын, суын әкеліп, отын жағатын. Оған ол намыстанбайтын да, ерінбейтін де. Қолынан келмейтін өнері жоқ оқушы болды. Ағаштан түйін түйетін шебер еді десе бір өтірігі жоқ. Біз сияқты жаз елге бармайтын. Қалада қалып қазақтың екі аяқты арбасын, киіз сүйегін (уық, кереге, шаңырақ) жасайтын, ер шабатын, домбыра жасайтын, етік тігетін. Өзі домбыра тартып ән салатын, ойынан өлең шығаратын, ол өлеңді өзі шығарған әнге қосатын»².

Жоқшылық қолып байлап, есейіп барып, қиыншылықпен оқыған Қартқожаның бейнесінде де Жүсіпбектің өз өмірінің көп фактылары қамтылған. Жүсіпбектің шығармашылықпен әуестенуі Семейде оқып жүрген кезінен басталады. Ол кезде жас қаламгер өлеңдер, газетке арнап шағын мақалалар, көркем өнер үйірмелеріне бір актылы пьесалар жазумен шұғылданады. Оның Алашордашылар ісіне тілектестік білдіруі, «Абай» атты журнал шығарысып, «Сарыарқа» газетімен қызметтес болуы да семинариядағы оқыған жылдарымен тұтас келеді. Осы басылымдар бетінде ол алғашқы әдеби туындыларын жариялайды.

Жүсіпбектің өзі айтуынша, оның туып өскен ортасы өнерге жақын болған. Оның болашақ жазушыға әсері де мол болған түрі бар. «Ақат ағам екеуміз де әрі молда, әрі етікші, ағашты, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әнші болып өстік. Әкем домбыра тартушы еді. Ақатты

² Ақышев З. Жүсіпбек және оның «Қартқожасы» // Жұлдыз. – 1990. – № 8. – 185-186 б.

бес жасынан алдына алып отырып, домбыра тартып үйреткен еді. Бізден үлкен домбыра тартушы еді, хаттанушы еді. Бізге өлең, ән үйреткен екі апамыз еді. Қадыкеш деген үлкен апамыз өлең де шығарушы еді, ұзатылған қыз жолдастарына шығарған өлеңдерін ұрлап алып оқи беруші едік. Байы өлген қатындарға шешем (Батима) жыр шығарып, үйретіп отырғанын жас кезімде құлағым шалушы еді», – дейді ол, С. Садуақасовтың сұрақтарына берген жауабында.

Осындай ортада Жүсіпбектің әдебиетке құмарлығы ерте оянады. Ол алғаш өлең жазуын 13 жастағы кезінен санайды. «Дұғалық жазатын кішкене қара шолақ кітапшама тіленші шалға есігін ашпағап бір кемпірді, кішкене байталға мінбеймін деп әкесін ренжіткен қызды (ол Жәмікен апам ғой) өлең қып жазып қойғанымды әкем көріп, маңдайымнан иіскегені әлі есімде. Содан соңғы өлең жазғаным 19-20 жастар кезі болса керек. Бір бала молдамен айтысып, өлең жазғаным бар. 1912 жылы жазған өлеңдерім ескі дәптерімде әлі сақтаулы: Абайға еліктеппін. Ең алғаш басылған сөзім – 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алып-сатардың болыс болам деп, елге бір мәсте шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос қайтқанын жазып едім. Бұл хабар «Қазақ» газетінде басылды.

Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды. 1916 жылы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықпады», – деп жазды Жүсіпбек.

Жүсіпбектің творчествоға беріле жұмыс істеуі төңкерістен кейін басталады. Бұл кезде жаңа өкіметтің қоғамдық қызметтеріне араласады. Семинарияны бітірген соң (1919-1920 жылдар) Семей губерниялық Атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, «Кедей таңы» атты газеттің редакторы болып істейді. 1920 жылы Коммунистік партияның қатарына кіреді (1922 жылы шығып қалған). Сол жылы күзде Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезіне делегат боп қатысып, Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланады, Қазақ АССР Оқу халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады. Алайды бұл жұмыста Жүсіпбек ұзақ істемеген. 1921 жылы кезекті демалысынан кейін Орынборға қайтпай, Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқаруға қалады, кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып

ауысады. Сол кездегі саяси жағдайдың ауырлығы Жүсіпбектің басшы қызметтер атқаруына, бір жерде тұрақтап жұмыс істеуіне мүмкіндіктер бермеген. 1922 жылдан ол мұғалімдікке ауысқан. 1922-1923 жылдары Қарқаралыда қалалық мектепте, 1923-1924 жылдары Орынборда халық ағарту институтында, 1924-жылдары Ташкент халық ағарту институтында, 1925-жылдары Орынбор әскери мектебінде сабақ берген. Осы жылдардың ішінде газет-журнал редакцияларында қосымша қызметтер атқарған, 1926-1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумында директор болған. 1929 жылы сол кездегі Қазақстан астанасы – Қызылордаға ауысып, «Еңбекші қазақ» газетіне қызмет істеуге барған. Бірақ кешікпей жалаға ұшырап, Қызылорда қаласында мамырдың 14 күні (1929) ұсталған. «Революцияға қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген айып тағылып, 1931 жылы 21 сәуірде атылған.

*(Тәуелсіздік рухымен. –
Астана: «Фолиант», 2002. – 114-118 б.)*

Ұлттық проза және «Ақбілек» әлемі

«Ақбілек» романының жазылу-жариялану тарихы мен көркемдік-эстетикалық құндылықтары

Қазақ тарихы мен тағылымынан ұлт руханиятының бел-белестері де жан-жақты көрініс береді. Осы орайда, ұлттық сөз өнерінің жетекші һәм күрделі саласы – роман жанрының (қара сөз, өлең үлгісінде де кездеседі) өзіндік қалыптасу, даму жолдары бар [1].

Прозаның көркем де көрнекті үлгісі – романның байырғы түрлері, жекелеген нұсқа-салалары ежелгі кезеңдерде, әлемдік әдеби үдерістерде ерте байқалғанды. Ал, ұлт руханиятында «Проза – қазақ әдебиетінде кешендеу туған, бірақ орасан шапшаң дамыған сала» [2.324-325 беттер].

Қазақ прозасының алғашқы үлгі-өрнектері (қысқа әңгіме, шағын ғақлия – хикая т.т.) ХХ ғ.б. ұлттық сөз өнерінде көрініс бергенімен, жеке жанр, реалистік сипат түрінде байқалған тұсы Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің шығармашылық мұраларымен тығыз байланысты. Мысалы, М. Дулатұлы – «Бақытсыз Жамал», Т. Жомартбаев – «Қыз көрелік», С. Көбеев – «Қалың мал», С. Торайғыров – «Қамар сұлу», «Кім жазықты», Ш. Құдайбердиев – «Әділ-Мария» т. б. аталған туындылардың тақырып табиғаты, көркемдік, стильдік ерекшеліктері әр алуан болғанымен, ұлттық прозаның үлгі-өрнектері, ел-жер көріністері, қоғамдық-әлеуметтік ахуал, адам әлемінің қыр-сырлары кең көлемде орын алады. Қазақ романының алғашқы үлгі-нұсқалары болғандықтан, жазылуы мен жариялануында, баяндау-суреттеу тұстарында, басты тұлғаны сомдау сәттерінде шолу сипаттарының орын алғаны анық.

Ақиқатында. «...қазақ әдебиетіндегі роман жасауға ұмтылыс өткен ғасырдың 20 жылдардың орта тұсынан басталады. Оның алғашқы үлгісін Жүсіпбек Аймауытов жасады. Оның «Қартқожасы» – тек жазушының бұл жанрдағы алғашқы туындысы ғана емес, бүкіл қазақ совет романының төлбасы. Ол 1926 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылды. Бұдан бір жыл кейін Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» шықты. Бірақ, бұл – тарихи-мемуарлық кітап еді. Онда жазушы революция жылдары өзі көрген, қатысқан

әлеуметтік тартыс уақиғаларын ешбір әдеби қоспасыз деректі фактілер көлемінде суреттеді. Көркем шығармаға тән оқиғаны жинақтап, бейнелеп, тиісті жерін жазушы қиялымен жетілдіріп суреттеу әдісінен Сәкен саналы түрде бой тартты, ол шығарманың деректілігін, тарихилығын сақтады. Жазылу, басылым мерзімдері қатарлас болғанмен, «Қартқожадан» «Тар жол, тайғақ кешудің» жанрлық форма жағынан айрылысатын жері – осы. Әйтпесе, екеуі де үлкен прозаның үлгілеріне жатады»[3.73-74 беттер].

XX ғасыр басында ел өмірі мен тарихында, ұлттық санада ерекше өрлеу мен серпін, даму айқын аңғарылды. Осы кезеңде Абай әлемі мен дәстүр тағылымына адалдық танытқан, ұлт руханиятының көшкеруенін бастаған Алаштың қайраткер-қаламгерлері Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров, С. Садуақасұлы т.б бірге, Ж. Аймауытұлы да әдебиет әлеміне еркін еніп, талант қуатын кең көлемде көрсетті. Өткір ұшталған ұшқыр қаламымен ұлттық сөз өнерінің әр алуан жанрында ерен еңбек етіп, ар айнасы, әсемдік әлемі – әдебиетке мол рухани мұралар қосты...

Ж. Аймауытұлының «Ақбілек» романы қоғамдық ахуал мен кезең көріністерін, өмір-уақыт шындықтарын, шабытты шақ пен талант қолтаң-басын айқындаумен қоса негізгі тұлғаның (Ақбілек) тағдыр-талайын, адами әлемі мен бедерлі бейнесін, қыр елінің тұрмыс-дәстүрлерін, тәрбие-тағлымдарын т.т. жан-жақты ашады. Басты байқалар ерекшелік-туынды тақырыбы мен табиғатынан, авторлық ұстаным мен образ жасау шеберлігінен тіл-стиль сипаттарынан ұлттық мұрат-мүдде, ел-жердің қадір қасиеті, адам әлемі мен мүмкіндіктері кең көлемде көрініс береді. Осы орайда, бір ғана Ақбілек бейнесі – қазақ қыздарының азаттық-теңдік жолындағы талайлы тарихын, қиын-қыстау соқпақтарын, қилы кезеңдерін алға тартады. Сондай-ақ, адал еңбек пен ақыл-парасаттың, жастық пен махаббаттың, құштарлық пен сүйіспеншіліктің, әсемдік пен сұлулықтың көркем шежіресі, үздік үлгісі болып табылады.

«Ақбілек» романы «Әйел теңдігі» журналының 1927 жылғы 2, 5, 10, 11 және 1928 жылғы 3, 4, 9, 10 сандарында жарияланды. Бірақ, дербес кітап болып басылған жоқ. Демократия тағылымы нәтижесінде – Ж. Аймауытұлының аталмыш романы белгілі аудармашы Х. Өзденбаевтан алынған нұсқасы бойынша 1989 жылы «Жазушы»

баспасынан (құрастырғандар – М. Атымов, Қ. Керейқұлов) жарық көрді. Роман бұдан кейін «Жұлдыз» журналында жарияланды (1989, № 6-9 сандары). Жазушының бес томдық шығармалар жинағының бірінші томына енді (А.Ғылым, 1996, 144-325 беттер).

Астанада да жарық көрді. «Қазақ прозасы қазынасынан» сериясы арқылы да қалың көпшілікке жетті // Алматы; Раритет 2003. – 240 бет//. Романға қатысты кейбір дерек көздері М. Жүсіп Көпеев пен Ж. Аймауытұлының өзара жазысқан хаттарынан да көрінер еді (4). «Хатқа» маңыз беруіміздің себеп-сыры – «Ақбілек» романының шығармашылық тарихына қатысты ұнамды, ұтымды пікірлер білдіруінде деп білеміз. Мәселен, романға қатысты ойын автор былай білдірген: «Екі жарым ай болды, үйден шықпағаныма. Не істеді десеніз, «Қылауатта» жатып бір роман жазып бітірдім, өзіңіз көрген «Қартқожадан» үлкендігі екі есе болады. Бар ойым, ынтам, рухым сол романға кетіп, тап жыңды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті қымбат ағаны ұмытып кете жаздаппын. Мен күнді қалай өткізеді десеніз, міне былай: таңертең сағат сегізде тұрамын да, шай ішіп, қызметке – бала оқытуға кетемін. Күніне алты сағат бала оқытамын. Сағат үште үйге келемін, тамақ ішемін. Одан кейін ұйықтаймын. Сағат алты – жетілерде оянамын. Сүйтем де жазуға отырамын. Сол отырғаннан түнгі сағат екі – үшке дейін отырып қалам. Әбден талғанда барып ұйықтаймын. Міне, екі жарым айдай көрген өмірім осы». Бұдан кейін автор сөз еткен романның соңғы нүктесін қойып, «баспаға жіберіп отырмын» дейді.

Жазушы өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер үшін бұл келтірілген үзіндінің маңызы жоғары екені арнайы дәлел, дәйектемені қажет етпесе керек. Маңыздысы: жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс, тақырып пен тағдыр, өмір мен уақыт шындықтары, көркемдік пен шеберлік иірімдері, бәрі-баршасы – «Хат» мазмұны мен табиғатынан танылып тұр.

Ендігі бір түйінді мәселе – «Ақбілек» романының қайда жазылғандығы хақында. Біздіңше, мұның жауабы қысқа: алғашқы көлемді де көркем, «ұзақ әңгімесі» (автор осылай көрсеткен – Р.Т.) «Қартқожа» 1926 жылы Қызылордада жарық көрген, көп ұзамай Шымкент шаһарында алдымен ұстаз, сосын директорлық қызмет атқарған (пед. техникумда – Р.Т.) Ж. Аймауытұлы келесі көркем әрі

шабытты жазылған, талант қарымын мол жұмсаған – «Ақбілек» романын қысқа мерзімде аяқтады. Оны жоғарыда еске алған «Хатта», филология ғылымының кандидаты Ә. Оспанұлының «Ақбілек» – Шымкентте жазылған» атты мақаласындағы: «...ең әуелі жазыла бастауы да, аяқталуы да біздің облыс орталығында жүзеге асқан» деген жолдар нақтылай түседі (5).

«Ақбілек» романының жазылуы мен оған әсер еткен өмір – тұрмыс жағдаяттары, жалпы жазушының осы тақырып төңірегіндегі мұрат-міндеттері Қ. Оспанов, К. Тіленшіұлы секілді шәкірт – оқырмандарының сыр – сұхбаттарынан, ақын – қаламгер Д. Әбілев пен ұстаз – ғалым Б. Кенжебаевтың естелік әңгімелерінен, әдебиет пен өнер зерттеушілері С. Қирабаев, Б. Құндақбаев т.б еңбектерінен де кеңінен көрінеді /6/.

Жоғарыда еске алған естелік әңгіме, дерек көздерінің қай қайсысы да «Ақбілек» романының өмірден алынғанын, шынайы шабыт пен шын шеберлік жемісі екенін жоққа шығармайды. Айталық, жоғарыдағы «Хаттан» келтірілген үзіндіден-ақ аталмыш романның өмірге келу сәті, яки жазылу тарихы хақында мол мағлұмат аламыз. Сондай-ақ, автордың көлемді романды қысқа мерзімде (екі жарым ай көлемде) аяқтауы мен қолтаңба ерекшелігі, таланты, ықыласы жөнінде де өз аузынан естиміз. Ең негізгісі, «Хат» авторының М.Ж. Көпеевке ықылас-құштарлығы жоғары, әдеби мұраға деген жанашыр көзқарасы, тазалығы да ерекше танылады. Сондай-ақ, Б. Кенжебаев, Д. Әбілов т.б айтып, жазған естелік, әңгімелерінен де өткен күндердің белгі-бедері, Ақбілек әлемі, Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ ауылының өмір-тіршіліктері, ақ гвардияшылар әрекеті т.т кеңінен көрініс береді. Маңыздысы – жазушының жан әлемін «жаулап алған» болашақ туынды табиғаты, тағдыр-талайы, шеберхана өрнектері айқын аңғарылады. Аристотель кезеңінен белгілі ақиқат – адам өмірі, тағдырынан тыс сөз өнері болуы мүмкін еместігін ойға алсақ, Ж. Аймауытұлының шығармашылық әлемінде әдебиеттің негізгі нысанасы – адам, өмір шындығы, сол арқылы ғана көркем, нақты бейне, бедерге айналады. «Ақбілек» әлемінің сыры, ұлттық-эстетикалық өсері, рухани олжасы осында жатыр.

Шығарма атын иемденген басты тұлға – Ақбілек аяулы әке мен қымбат ананың алдында ерке де әсем болып өсті. Құрбыларымен

де әзілі жарасып, ақылына көркі мен көңілі сән беріп еді. Бірақ, бұл жарастық салтанатын түстері суық, ойлары теріс, жүрістері суыт «қалпағы бар, мылтығы бар, көк шекпенді, қақандаған, қоқиланған» төрт атты бұзған-ды. Олар бейбіт ауыл мен елдің апшысын қуырды. Үлкен үй, дәулетті Мамырбайдың шаңырағын ортасына түсіріп, орны толмас өкінішке қалдырды. Оның бәйбішесін атып, «жас түлегі, жалғыз қызы Ақбілекті» ойбайлатып алды да жөнелді. Бұдан кейінгі жердегі Ақбілектің өмірін, көрген зорлығы мен тартқан азаптауқыметін ешкім де дұшпанына тілемес.

Бұл бай қызының ес білгелі кезікпеген кедергісі, жат адамдардың түсі суық, жүрістері суыт әрекеттерімен де алғаш кезігуі еді. Үмітін үрей басып, көлеңкесінің өзі қорқыныш әкелгендей болатын. Ең болмаса, ол орта да Ақбілектің көңіл – күйімен, жағдайымен санасқан ешкім болмады. Қосты айналып, қашуға әрекет жасамақшы да еді. Бірақ, қырағы көз қалт жібермеді. Сұмдық сойқан, жантүршігерлік жәбірлеу, азап-қорлыққа толы өмір енді бас-талды. Бұрын еркек атаулыға қарсы келмек тұрмақ, тікелей қарамаған, он екіде бір гүлі ашылмаған Ақбілек енді содырлы топтың ортасына түсті. «Ашудұшпан, ақыл-досты» да, айла амалды да жүзеге асыру қиын-ақ. Жан сауғалап «одан қашқан, бұдан қашқан жетпіс шақты офицер, флоттар» Ақбілектің еркінен тыс әрекеттер жасады, асыл қазынасы – абыройынан айырды, қарамұртқа ермек болды....

Феодалдық-патриархалдық сана мықтап қалыптасқан кезде Ақбілек басынан өткерген ауыр хал, жан азаптары, тағдыр талқысы өмірлік таңба болып басылды. Жан сауғалап қашқан ақтардың артында «бұралқы күшіктей қаңғырып Ақбілек» жалғыз қалды. Ақтардан тартқан жан азабынан соң да Ақбілектің көрген қорлығы, күйзелістері көп-ақ.

Ақбілектің жан дауысы, шерлі мұңы кеудесінде жаны, сезімі барға жеткендей-ақ. Бірақ, оған тіл қатып, үн қосқан ешкім болмады. Ең негізгісі, ол ертеңгі күнге сенімін жоғалтпады, жақсы, қайырымды жандарға жолығармын деген үмітін де үзбеді. Осы мақсатпен көк пен жерге де, тау мен өзенге де сыр ашты, «күздің сарғыш жапырақтарына», «саялдық қара бұлттарға» мұң шақты. Көзі көріп, көңілі сенген, бастан өткерген көрініс-жайларды бөлісті. Іскендір дуанамен кездескеннен кейін жанын жегідей жеген азап

пен қорлықтың салмағы бір мезет жеңілдеп, ұмытылғандай болып еді. Бірақ, нағыз азап, күйзелістер алдынан тағы шықты. Ел ішіндегі өсек-аяң, бұрынғы ғашығы Бекболаттың тоятпаған соң сырт айналуы т.т Ақбілектің жан-жарасын одан сайын қоздырды. Бұған «көзі тікшиген, тымырайған» қатыгез мінезді өгей шешесі Өріктің де кері әсері **мол** болды. Ес біліп, бой түзей бастағаннан тағдыр тауқыметін мол тартқан Ақбілекті араға бес жыл өткен соң көргендегі әсер өзгеше. Ағасы Төлегеннің артынан іздеп барып, оқуға түседі. Нағашысы Кәмиләмен кездесіп, өз өмірлері төңірегінде өрбіткен сыр-сұхбаттары, Ақбала, Балташ т.б қатынастар мезгіл әуенін аңғартумен қоса, басты тұлғаның дүниетаным эволюциясын да танытады. Жас өмірін өксікпен өткізген Ақбілектің Балташ сынды азаматпен көңіл қосып, Іскендірмен қайта табысуы жан жарасын жазып, нұрлы өмірге батыл, сеніммен қадам жасатады. Роман тілімен айтсақ, Ақбілектің «жүрегін жуып тазартқан алтын леген – аяулы жаны, Қаратаудай қайратты, ай мен күндей ғылым еді». Қысқасы, дүбірлі дәуірдегі қазақ қызының өмір, тағдыр жолы шындыққа сыйымды, келісті көрініс тапқан. Демек, Ақбілек бейнесі – қазақ қызының тағдыр-талайын танытумен бірге бақытқа ұмтылған, жаңа өмірді, қызық – қуанышты алдан күткен күрделі әрі бедерлі бейне. Қаламгер мұраты – жеке адам, яки Ақбілек арқылы халық өмірін, тарихы мен тағдырын, тұрмыс-тіршілігін шындық оқиғалар, нақтылы көріністермен көрсету болса, бұл міндет күрделі жанр – роман арқылы ұлттық-эстетикалық деңгейге көтерілген, әрі Еуропалық үрдістегі туындылар табиғатына үндес, сәйкес келеді.

Романда жекелеген бейнелердің монологтары, өмірдегі мұраты мен міндеттері де айқын бедерленген. Мәселен, Бекболат өзі жайында төмендегіше сыр толғайды: «Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр. Атым – Бекболат. Басымда барқытпен тыстаған қара елтірі жекей тымақ, қара ала жапқан күміс белбеу, аяғым-да көнелеу қисық табаным бар. Белбеуімдегі жарғақ далбағайым, шашақты сары қында мүйіз сапты өткір кездігім, алдыңғы қапталдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім – менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар».

Одан әрі Бекболат «бұрын байдың», қазір «орта шарқы үйдің ортаншы баласымын» дейді. Үй – ішілік. тұрмыстық

жағдайларын да еске алып өтеді. Балалық, жастық шағының да босқа өтпегенін айтады. «Жаманбаланың шотпақ қара қызын менсінбей, Мамырбайдың Ақбілегін елден таңдап айттырғанын», соған жолыққалы шыққанда, ақтарға кезігіп, оң иығынан жарақат алғанын қысқа, шешен баяндайды. Алайда, Бекболат бейнесі адамдық қасиеттері тұрғысынан, айнала-әлемге көзқарасы жағынан көңілге ұялағанымен, махаббат мәселесінде, әсіресе «елден таңдап айттырған» Ақбілегін аялап өтуде жігерлілік жетіспейді. Қаламгер де Бекболат әрекеттерін аса көп дамытпайды.

Офицер романның басты тұлғасын жәбірлеп, арын аяққа таптаған жиіркенішті жан ғана емес, империялық саясаттың ғасырлар бойы халқымызды билеп, басып-жаншып келген көрінісі ретінде де есте қалады, Автор роман өзегін Ақбілек пен офицер арасындағы қатынасқа құрғанда «махаббат символының» үлгісі ретінде емес, керісінше, қазақ-орыс арасындағы «туыстық» байланыс тұрғысында терең ашады. Бұған өз жайынан бірер мағлұмат берген офицердің төмендегідей ойлары айқын дәлел: «Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақ тәубе қылу керек қой. Анығында, қазақ мемлекетке не пайда келтіріп отыр?....Тек қымызын ішіп, қарнын сипап, қатынына қарап, борбайын тыр-тыр қасығанды біледі... Тегінде қазақтың солдат болудан қорыққаны бізге теріс те емес. Кім біледі, қолына қару берсе, орыс жұртына жау болып кетпесіне кімнің көзі жетеді?.... Әйтеуір, қазақ өз алдына ел болып жатқан жоқ. Ендеше, орысқа бағыну керек». Бұдан кейін офицер қазақ жеріне, әйеліне, малына көз тігеді. Ресей тағдырын ойлап қамығады.

Демек, офицер бейнесінен, іс-әрекеттерінен «ұлы халықтың» державалық саясатын, қазақ халқын ұлтсыздандыру мен әуел бастағы мәдени құнарынан қол үздіру секілді тағылық «мінезін» танимыз. Билік пен білек күшін де, озбырлығын да көреміз. Ендеше, өткеннің өкініші келешекте қайталанбайтындай сабақ болуға тиіс. Офицер бейнесінің «тағылымы» осы.

Роман авторы өмір оқиғасы мен уақыт шындықтарына сай кейіпкерлер жүйесін табиғи сомдап, іс-әрекет үстінде көрсетеді. Осы орайда, Мұқаш бейнесінің өзіндік өзгешелігі бары байқалады. Мұқаш өзі жайында былай дейді: «Мен таңқы мұрын, бадырақ көз,

шұнақ құлақтау, жарқабақтау, кірпішаш, қарыс мандай, қара сұр жігітпін. Жасым 35-те. Әкем Тойбазар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес. Ес біле есікте жүрмін». Онан соң Тілеубайдың қозысын, Шаманбайдың қойын баққанын, балалық базары жат босағада, кісі қабағын бағумен өткенін еске алады. «Қалай Бадығұлдың жылқысын бақтым, солай көзім ашыла бастады, – дейді ол, – Қашағанды жалғыз ұстаймын. Асауды жалғыз үйретемін. Күзетке жалғыз барамын. Боданда жылқы бағамын. Аязбен, асаумен, қараңғы ұзақ түнмен, ұрымен, қасқырмен, қауіп-қатермен алыспай, адам адам болмайды екен... Жылқы бақтым. кісі болдым». Мұқаш аузынан баяндалатын монологтан бұдан кейінгі жерде ел қатарына қосылғанын, отбасы болғанын, қызметке кірісе бастағанын, болыс болу ниеті барын да естиміз. Бірақ, ел үстінен күн көрген жоғарыдағы «қызметтерінің» әсерінен болыстыққа сайланбайды. Мамырбайдың баласы іс-қағаздарды кеңсеге тапсырыпты дегенді естиді. Тілін шайнап, тісін қайрайды. Кек қайыруды ойлайды. Ақтармен астыртын байланысып, Мамырбайдың Ақбілегін оларға көрсетіп беріп, ағасынан кегін қайтарады. Мұның соңы белгілі – Ақбілек бір топ еркектің ортасына түсіп, қара мұртқа ермек болады... Бұл ретте Мұқаш – өз мүддесі үшін жан алып, жан беретін, бір есебі ішінде, түпкі ойында соны жүзеге асыруды ғана діттейтін пенде. Әйтсе де, «ішкі есебі» уақыт өте келе жария болып, соның азап – күйігін молынан да тартып жүреді. Жанама кейіпкер ретінде Мұқаш өз міндетін атқарғанымен Ақбілектің азапты, қасірет-күйінішке толы өміріне себепкер болды. Сол үшін де Мамырбай ауылының алғысын емес, қарғысын алады. Ал, біздің қоғамымызға теріс ой, екі жүзділік мінез жат. Мұқаш шындығы осы.

Жылтыр – ісінде бірлік, сөзінде береке жоқ кейіпкердің бірі. «Оның қылмаған бұзақылығы жоқ. Ол әуелде Матайдың Әбеніне тілмәш болған. Әбенмен бірігіп елді қанаған. Әбенге шәкірт болған. Ол қазынаның ақшасын да жеген. ...абактыға жүз түсіп, жүз шыққан. Оның өтірігіне найза бойламайды». Бұл реттен алғанда Жылтыр ойымен де, ісімен де Әбен, Мұқаштар қатарында. Романдағы оқиғалардың даму эпизодтарының өзара байланыстары тұсында бұған әбден көз жеткізуге болады. Осы орайда, жазушы бедерлеген бейнелердің әрбірі өз орындарында әрі іс-әрекеттерімен нанымды сөз

болатындығын байқаймыз. Демек, қаламгер кейіпкер жансарайын ашуда да едәуір жетістіктерге жеткен, оларды даралауда дәлдік, нақтылық секілді сипаттарымен де ерекшеленеді.

Романдағы әйелдер бейнесін еске алғанда, Ақбілектің жақын, жақсы көретін жеңгесі – Үркия жақсылыққа жаны құмар, мейірімді жан. «Бар айы-бы – пұшпағы қанаған жоқ, әйтпесе жібі түзу әйел». Мамырбайдың бәйбішесі дүниеден қайтқанда да, Ақбілектің ақ солдаттары жұртында қалып, Іскендір дуана арқылы еліне келген соң жанашыры да, сырлас – мұңдасы да Үркия болды. Қайын сіңлісінің бақытты болғанын қалаған Үркия оны Бекболатпен де кездестіреді. Баласын бауырына басып, тәрбие де береді. Бұл реттен алғанда – Үркия жаңалық, жақсылықты өзгенің басына тілеуді, өзі соның жылу-шапағатымен өмір сүргенді қалайтын, әрі оның үстіне адалдығы мен адамгершілігі мол, қиындық-қиналыста жол табатын бедерлі бейне ретінде есте қалады. Ал, Өрік болса «үйге жылан кіріп келгендей сүйкімсіз», «қара сұр адам». Ақбілектің бауырларына да жағымсыз, жайсыз жан. Тағдырына назалы Өрік ашу-ызасын да Ақбілектен алатындай, жас өскін – Сара мен Қажікенге де осы ретпен қырын қарап, қаһарын, қарғысын сәт сайын сездіреді. Әсіресе. «Ақбілек екіқабат» деген сөзді естіген де көктен іздегені – жерден, жанынан табылғандай күй кешеді. Ақбілекке бірер күн «араздығын ұмытқан кісідей» сөйлесіп, жылы ұшырап, оң қабақ танытады. Ақбілек мұның шын екенін, аярлық екенін біле алмаған кездері де болады. Бірақ, бұл «кісімсу кезеңі» ұзаққа созылмайды. Ақбілектің аяғы ауырлығына көзін жеткізген соң аяушылығын ұмытып, араздығын өршіте түседі. Бұл орайда, Өріктің мінезі мен іс-әрекеттерінен образ болмысына қатысты белгілер мол, әрі троптың түрлері: ирония (кекесін) иірімдері, сарказм (мысқыл) сипаттары, басқа да сатиралық элементтер де молынан ұшырасады. Автор сөз өнерінің көркемдік құралдарын бар бояу, бедерімен пайдалану нәтижесінде Өрік образын күншілдіктің көрсеткіші, арысздық пен теңсіздіктің барометрі ретінде көрсетеді. Сондай – ақ, бағынан соры басым Кәмілә – ескі салт, әдет-дағдының құрбаны болғанымен дүниетанымы кең, жаны таза, төзімі берік бедерлі бейне.

Өмірде өз ісі мен орнын білетін адамдар аз емес. Романда да ондай тұлғалар бар, бірақ көп те емес. Айталық, Алтынайдың (Мұқаштың

келіншегі) күйеуі кекшіл, даңқ пен дақпыртқа жақын болғанымен өзі «үй міндеті – әйелде» екенін жақсы түсінген. Ал Іскендір дуана-жақсылық, жаршысы, мейірімі мол, жанашыр жанның бейнесі ретінде көрінген. Тау-тас, сай-сала, ескі мола – бәрі де оған үй. Онда ел де жоқ. Оның елі дүйім қазақ. Онда мал да жоқ. Ол дүние жинамайды. Ақша берсең, – кез келген ауылдың балаларын жарастырады да, бәйге үлестіреді. Іскендір дорба салмайды, ірімшік, құртыңды алмайды, оған қолма-қол тамақ берсең болғаны. Ол істеген ісін, жасаған жақсылықтарын саудаға салмайды. Онда жасырын сыр, ішкі есеп жоқ. Міне, осындай кісі, яки пайдасы болмаса зияны тимейтін жан Ақбілекке кезіккен болатын. Ақбілек адасқанын айтқанда: «Алып барайын, жолға салайын», – деп нақты көмек еткен. Жасын да, еңбегін де есепке алмаған Іскендірдің бұл жақсылығы Ақбілекке ғана емес, оқырманға да жылы, – тағылымды әсер қалдырады. Роман авторы адам-пенденің, өмірдегі орны жақсылық жасаумен, ізгілік-өнеге көрсетумен баянды, мағыналы екенін Іскендір дуана арқылы нанымды көрсеткен. Жинақтап айтқанда, романдағы образдар жүйесі өмір-тұрмыстан алынғаны, уақыт шындықтарына сай суреттелгені, ең негізгісі әр қайсысы өзіндік өзгешелік, әрекеттері арқылы қимыл жасайды. Әрекет-қимылда, сөз бен істе ортақ мұраттар бар. Қоғамдық, кезеңдік көріністерге сай қимыл-қозғалыстарды әрбір бейнеден, өмір-уақыт шындықтарынан байқауға болады. Ізденіс айналары, көркемдік-стильдік ерекшеліктер, эстетикалық құндылықтар да айқын аңғарылады.

Тұтастай алып қарағанда, Ж. Аймауытұлының шығармашылық мұрасы, әсіресе күрделі жанрдағы туындылары («Күнікейдің жазығы», «Қартқожа», «Ақбілек») қазақ әдебиетіндегі реалистік прозаның даму жолдарын айқындап қана емес, қоғамдық, кезеңдік құбылыстарды, адами-рухани мәселелерді көркемдік-идеялық тұрғыдан шебер де шынайы бейнелеуімен биік белеске көтерілгендігінің, алыс-жақын шет ел қаламгерлерінің профессионалдық дәрежесіне жеткендігінің бірден-бір дәлелі де, дерегі де бола алады. Мұның өзі халық даналығында айқын бедерленгендей: «Шеберлік өмірді көре де түсіне білуден, сосын объектіні дұрыс таңдап ала білуден басталады». Демек, «Ақбілек» романы ұлттың талайлы тарихын, қазақ өмірінің қиын да күрделі кезеңін, басты тұлғаның

ауыр да сындарлы сәттерін т.с.с. нақтылы көрініс, шынайы оқиға, бедерлі бейнелер арқылы көрсетіп, тақырып табиғатын, көркемдік-эстетикалық мұраттарды шебер де шешен, шынайы үлгіде баяндаған байыпты, тағылымды туынды.

Ж Аймауытұлы шығармашылық шеберлігінің мың сан шындығының бір сыры осында жатыр.

Бұл – XX ғ.б. айқын көрініс тапқан қазақ романының үздік үлгісі, өрнекті өрісі, көркем шежіресі.

Бұл – «Ақбілек» романының тақырыптық ерекшелігі мен жанрлық жүйені меңгерудегі батыл қадамы, көркемдік-рухани байлығы болып та-былады.

Бұл – «Ақбілек» романының жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін, тілдік-стильдік сипаттарын айқындайтын әрі шеберлік пен шешендіктің сырлы әлемін кең көлемде көрсететін, басты тұлғаның адами мұраты мен психологиялық қырларын ашатын елеулі еңбектер қатарына жатады.

Бұл – «Ақбілек» романына да қатысты айтылар кемел ой мен маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, «Ақбілек» әлемі – халқы-мыздың өткен өмірі мен тарихының, қазақ қызы мен әйелінің тағдыр-талайын кең көлемде суреттеген тағылымды туынды. Ұлт руханиятын, көркемдік танымды биік белеске көтерген даңқты туынды, айшықты қолтаңба жемісі. «Ақбілек» әлемінің ақиқаты осы.

// Ақиқат. – 2010. – №12. – 58 – 63б.



«Жүсіпбек – көркем сөздің ерен жүйрік зергері. Ол әрі ақын, әрі жазушы, журналист, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы және педагог - ағартушы».

Қайым Мұхамедханов

«Ж.Аймауытов – бүкіл бітім табиғатымен, барикем – қабілетімен, алған мамандығымен, істеген қызметімен негізінен ұстаз адам».

Темірбек Қожакеев

«Мен Жүсіпбек Аймауытовтай шебер жазушыны бұрын-соңды көрген емеспін».

Бейімбет Майлин

«Жүсіпбек қаламға қанша шебер, жүйрік болса, сөйлегенде ағып тұрған шешен еді».

Сәду Мақашов

«Ж. Аймауытов – творчестволық интеллигенциясының жарқын өкілдерінің бірі, романист, драматург, аудармашы. Оның көркем шығармалары идеялылығымен, эстетикалық бояуларының қанықтығымен, стилінің әдемілігімен ерекшеленеді».

*(шығармашылық мұрасын зерттеу
жөніндегі Комиссияның қорытындысында)*

Ғабит Мүсірепов

«Жүсіпбек Аймауытовтың роман, повесі-қазақ өмірінің айнасы. Ондағы сурет өлі, виртуалды сурет емес».

Шериаздан Елеукенов

«... классикалық реализмді өз шығармасында жарқырата пайдаланып, ешкімге жалынып-жалпылдамай өзіндік еркіндік пен тәуелсіздікті пайдаланып, алашшыл қалпын сақтап өткен дарын-Жүсіпбек».

Тұрсынбек Кәкішұлы

«Ақбілек» романынан адам мінездерінің энциклопедиясын көруге болады».

Рамазан Тоқтаров



Жүсіпбек Аймауытов шығармалары Жүсіпбек Аймауытовтың прозасы

=====

Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997.

=====

Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жібек жолы, 2002.

=====

Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жібек жолы, 2003. – 312 б. – 2 т.: Романдар; 3 т: Повесть, әңгімелер, аудармалар. – 2005. – 304 б.

=====

Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар / Құраст. Қ. Керейкұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б. – Мазмұны: С. Қирабаев. Ж. Аймауытов; Романдар: Қартқожа; Ақбілек; Күнікейдің жазығы. Повесть. Әңгімелер: Әнші; Елес. Пьесалар: Ескерту; Ел қорғаны; Мансапқорлар; Қанапия мен Шәрбану; Шернияз; Түсініктер.

=====

Жүсіпбек Аймауытов. 11-кітап / С. Торайғыров атындағы МҮН-ін» Е. Бекмаханов атындағы «өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы»; орт. директоры А.Ж. Құдабаев; бас ред. Е. Арын. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 126 б. – (Кереку-Баян кітапханасы; «Рухнама»)

=====

Аймауытов Ж. Ақ білек. Қартқожа: Романдар / Ж. Аймауытов. – Алматы: Ан арыс баспасы, 2009. – 376 б.

=====

Ақбілек: Роман. – Алматы: Раритет, 2003. – 240 б. – (Қазақ прозасы қазынансынан)

=====

Ақбілек: Роман, повесть, әңгіме. – Астана: Елорда, 1998. – 324 б.

=====

Жаман тымақ: Өлендер, жұмбақтар, әңгімелер, ертегілер / Құраст.: Р. Тұрысбеков. – Алматы: Балауса, 1992. – 48 б.

=====

Мағжанның ақындығы туралы: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст.: Д. Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 264-300 б.

=====

Мен қалай үйлендім?: Әңгімелер / Құраст.: Д. Әшімханұлы, Н. Қуантайұлы. – Астана: Таным, 2003. – 78 б.

=====

Психология / Араб жазуынан көшірген А. Ақажанова. – Алматы: Рауан, 1995. – 321 б.

=====

Романдар. – Алматы: Ақ Арыс, 2009. – 376 б.

=====

Шернияз: пьесалар жинағы / Құраст.: Б. Құндақбаев. – Алматы: Өнер, 1990. – 336 б.

* * *

=====

Ақбілек: Роман // Әйел теңдігі. – 1927. – № 3/15/. – 71-80 б.; № 4/16/. – 61-68 б.; № 5/17/. – 69-76 б.; № 10-11/22-23/. – 113-122 б.; 1928. – № 10/35/. – 52-59 б. – Қол қойған «Жанақ».

=====

Ақбілек: Роман // Жұлдыз. – 1989. – № 6. – 138-175 б.; № 7. – 119-148 б.; № 8. – 126-155 б.; № 9. – 117-143 б. // Қызыл Ту. – 1990. – 28, 29 қыркүйек; 2, 4, 5, 6, 9 қазан.

=====

Алты әңгіме / Әзірлеген Б. Байғалиев // Жұлдыз. – 1992. – № 2. – 12-22 б. – Мазм.: Қара баксы; Елес; Өзгермесе бұл не?; Томарбай мен қатыны; Жапырақтар; Қатындар.

Аманат: (Қартқожа хикаясынан) // Халық кеңесі. – 1993. – 8 шілде. – 46.

=====

Ауру қалса да әдет қалмайды: / Тілшілерден: Әңгіме [Ел басқарушыларды сынаған] // Қазақ. – 1917. – № 235. – 4 июль. – Қол қойған «Желкек»

=====

Әйел теңдігінің бұралаң соқпақтары: Қорлану: «Ақбілек» романынан үзінді //Алаш мирас: Құжаттар жинағы. – Алматы, 1993. – 136-137 б.

=====

Әйел – әлем, әйел – өмір, әйел – жыр: Әңгімелер // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 7 наурыз.

=====

Әкесі мен баласы: Әңгіме // Лениншіл жас. – 1927. – № 6/29/. – 28-32 б.; № 7/30/. – 30-34 б.

=====

Өнші: Әңгіме // Терме: Жинақ / Құраст. Т. Жүргенов. – Алматы, 1925. – 67-80 б. // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 1 янв. – 8-9 б.

=====

Өнші: [әңгімесінен үзінді] // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 7 наурыз.

=====

Өнші: Әңгіме // Қазығұрт kz. – 2008. – № 2. – 77-84 б.

=====

Бажаның басы қышыды: Әзіл әңгіме // Әйел теңдігі. – 1927. – № 10-1. – 104-108 б. – Қол қойған < Ақыл>.

=====

Балаларға арналған жеті әңгіме // Пионер. – 1925. – № 1. – 17-18 б. – Қол қойған «Жік».

=====

Баламен әңгіме // Пионер. – 1925. – № 2 – 3. – 7-12 б. – Қол қойған «Жік».

=====

Балалармен әңгіме: [Әңгімелер] / Материалдарды дайындаған Н. Қуантайұлы // Ақ желкен. – 2003. – № 1. – 28-29 б. – Мазм.: Күз; Құстар қысқа қалай даярланады?; Бие қайырдым; Қою сүт; Етікші; Қоян байғұс; Күзем; Егін ору; Жел

=====

Баушы мен бала: Әңгіме // Лениншіл жас. – 1927. – № 3 – 4. – 22-26 б. // Жас Алаш. – 1992. – 29 сәуір.

=====

Бетім-ау, құдағи ғой: Әңгіме // Абай. – 1918. – № 4. – 13-15 б. – Қол қойған «Жүсіпбек».

=====

Болыстікінде: «Қартқожа» романынан үзінді // Жетісу. – 1989. – 11 янв. // Коммунизм таңы. – 1989. – 4 февр.

=====

Боранды болжағыш әулие: Өңгіме // Лениншіл жас. – 1926. – № 1-2. – 32-35 б. – Қол койған «Ж».

=====

«Біз халық үшін туғанбыз» / Әзірл. Г.Әбжәлелқызы // Нұр-Астана. – 2010. – 28 қаңта (№ 3). – 1, 7 б.

=====

Гәп қол ағашта...: Өңгіме // Қазақ тілі. – 1926. – 4 окт. – Қол койған «Таңашбай».

=====

Далада наурыз: Өңгіме // Қызыл Қазақстан. – 1921. – № 18-19.

=====

Елес: Өңгіме // Жас қазақ. – 1924. – № 5 – 6. – 50-55 б. // Лениншіл жас. – 1989. – 6 янв. – Қол койған «Келешек».

=====

Еліктеу: Өңгіме // Қазақ әдебиеті. – 2010. – 17-23 қыркүйек. (№36). – 9 б.

=====

Жаңабайдың жанындағы трагедия: Өңгіме // Жас қазақ. – 1924. – № 7-8. – 25-28 б.; № 9. – 22-27 б.; № 10-11. – 23-27 б.; // Лениншіл жас. – 1925. – № 1-2. – 21-23 б. – Қол койған «Қызылбас».

=====

Жаңа талап: Өңгіме // Жаңа мектеп. – 1929. – № 2. – 60-65 б. – Қол койған «Жүсіпбек».

=====

Жидебайдың баяндамасы // Ақ жол. – 1925. – 7 ақпан.

=====

Жол бойында: Өңгіме // Ақ жол. – 1925. – 10 мамыр.

=====

Жол үстінде: Өңгіме // Терме: Жинақ / Құраст. Т. Жүргенов. – 1925. – 83-94 б.; // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 13 шілде. – 8-9 б.; // Семей таңы. – 1989. – 17 окт.

=====

Қорғансыздың күні: (Жаңа кітап) // Қазақ тілі. – 1922. – 22 апр.

=====

Көк өгіз: Ертегі. – Қазбас, 1929. – 12 б.; // Жас Алаш. – 1992. – 29 сәуір.

=====

Көтеріліс: «Қартқожа» романынан үзінді // Мәдениет және тұрмыс. – 1989. - №3. – 14б.

=====

Күдіріс: Өңгіме // Қазақ тілі. – 1923. – № 59-61. – Қол қойған «Жік».

=====

Күнікейдің жазығы: Повесть // Жаңа әдебиет. – 1928. – № 7. – 11-21 б.; № 8. – 5-10 б.; № 10. – 31-40 б.; 1929. – № 3. – 45-56 б.;

=====

Күнікейдің жазығы: Повестен үзінді // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 13 окт. – 8-9 б.

=====

Қара бақсы: Өңгіме // Лениншіл жас. – 1925. – № 7. – 49-56 б. – Қол қойған «Таңашбай».

=====

Қартқожа: Өңгіме. – Қызылорда – Ташкент: 1926. – 208 б.; Еңбекші қазақ. – 1926. – 25 окт.

=====

Қартқожа: Роман // Жалын. – 1989. – № 2. – 36-61 б.; №3. – 42-66 б.; // Қазақстан әйелдері. – 1989. – № 2. – 18-21 б.; Орталық Қазақстан. – 1989. – 17-18, 19 февр.

=====

Қартқожа (Роман) // Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық. – Алматы: Ғылым, 2001. – 3 т. – 350-469 б.

=====

Қартқожа (Романнан үзінді). Мағжанның ақындығы туралы Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген баяндама // Қазақ әдебиеті: Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2002. – 32-72 б.

=====

Қызыл отау, қызыл бике: Өңгіме // Әйел теңдігі. – 1929. – № 2-3. – 60-65 б.; № 4-5. – 54-62 б.; № 6-7. – 53-62 б.; № 9-10. – 45-52 б.

=====

Мысыққа ойын, тышқанға өлім: «Қазақ тілі» газетінде жарияланған «Елес» әңгімесі / Дайындаған Б.Бейсенбаев // Ақиқат. – 1992. – № 8. – 80-83 б.

=====

Оқушыларымызға: Өңгіме // Жас қайрат. – 1926. – 4 қазан.

=====

Пәренже ертегісі: Өңгіме / Араб әрпінен көшірген Ж. Ахмадиев // Жас Алаш. – 2000. – 21 қазан

=====

Пәренже: Ертегі // Әйел теңдегі. – 1927. - №6. – 55 – 63б.

=====

Сайлау құртының өршуі // Қазақ. – 1914. – № 68. – 30 июнь. – Қол қойған «А.Ж.»

=====

Тау еліндегі оқиға. – Ташкент: 1925. – 78 б.

=====

Тау қолтығында: Өңгіме // Жаңа мектеп. – 1929. – № 2. – 53-57 б. – Қол қойған «Таңашбай».

=====

Тәубе қылды: Өңгіме // Жаршы. – 1929. – № 1. – 6-8 б.; // Түркістан. – 1994. – 9 қараша

=====

Томарбай мен қатыны: Өңгіме // Жас қазақ. – 1924. – №5-6. – 65 – 69б.; №7 – 8. – 19 – 25б. – Қол қойған «Қызыл бас»; Алматы ақшамы. – 1990. – 21 маусым. – (Дайындаған Б.Байғалиев); // Лениншіл жас. – 1924. – №5 – 8. – Қол қойған «Қызылбас».

=====

Төңкеріс жемісі һәм әлеумет қызметкері: Өңгіме // Қазақ тілі. – 1923. – №5. – Қол қойған «Жік».

Жүсіпбек Аймауытовтың өлеңдері

=====

Алаш ұраны: Ғаскер; Ұран; Өлеңдер; / 1918 жылы «Абай» журналының № 1, 7 жарияланған; редакцияға тапсырған Б. Байғалиев // Жұлдыз. – 1991. – № 5. – 88-89 б.

=====

«Арғы атам ер түрік...»: Өлең // Азия Транзит. – 2000. – № 4. – 10 б.

=====

Ах-ха-ха-лау: Мысқыл: Өлең «Жас иісшіл» шалдары әжуалаған. // Алаш. – 1917. – № 16. – 30 март.

=====

Әскер маршы: Өлең // Ана тілі. – 1991. – 5 қыркүйек.

=====

Әскер өлеңі: Өлең / «Абай» жур., 1918 ж. № 7 // Жұлдыз. – 1998. – № 12. – 3-4 б. – (Алаш ұраны).

=====

Баяғы жұт қоянда: Өлең // Қазақ. – 1915. – № 159. – 29 ноябрь. – Қол қойған «Желкең».

=====

Досыбаева А.Ж. Аймауытұлының ақындығы: жанр және шеберлік // Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті: Халықаралық ғыл. – теориялық конф. материалдары (21 қыркүйек, 2004 ж.). – Алматы: Қазақ ун-ті, 2004. – 268-278 б.

=====

Жазушыларға: [Әйел теңдігі туралы өлең] // Алаш. – 1917. – № 10. – 8 февр. – Қол қойған «Юсіпбек»

=====

Жас әскер: Өлең: [Бәйге алған] // Лениншіл жас. – 1925. – №1-2. – 34 б.; // Жас қазақ. – 1924. – № 10-11. – 65-66 б. – Қол қойған «Жік».

=====

Жас көсемдер маршы: Өлең // Жас қазақ. – 1924. – № 12-13. – 107-108 б. – Қол қойған «Жік».

=====

Жаман тымақ: Сықақ өлеңдер. – Ташкент: Қазбас, 1929. – 16 б.

=====

Жаман тымақ: Өлендер, жұмбақтар, әңгімелер, ертегілер / Ж. Аймауытов; Құраст. Р. Тұрысбеков. – Алматы: Балауса, 1992. – 48 б.

=====

Көшу: Өлең // Абай. – 1918. – № 12. – Қол қойған «Ж.А»; // Лениншіл жас. – 1989. – 6 янв.

=====

Қызыл бидай: Өн жазылған өлеңі // Халық әндері мен халық композиторларының әндері. – Алматы, 1990. – 194 б.

=====

Қызыл бидай: Өлең // Алматы ақшамы. – 2003. – 3 сәуір.

=====

Ленин жақын, Саптыаяқ, Кедейдің қысқы панасы: Өлеңдер // Қызыл Ту. – 1989. – 14 окт.

=====

Ленинге: Жоқтау өлең // Еңбекші қазақ. – 1924. – 27 янв.; // Мәдениет және тұрмыс. – 1989. – № 3. – 14 б.; // Өркен. – 1989. – 21 янв. // Денсаулық. – 1990. – № 4. – 1 б.

=====

Милиция маршы: [Өні мен өлеңі Ж. Аймауытовтікі] / Қазақ әдебиеті. – 1998. – 13 қантар (№ 2). – 7 б.

=====

Не қып жатыр?: [Сол кездегі қазақ өмірі туралы] // Алаш. – 1917. – № 11. – 16 февр. – Қол қойған «Юсіпбек».

=====

Нұр күйі: Өлең / Дайындаған С. Дәуітов // Алматы ақшамы. – 1989. – 5 янв.

=====

Ой, Кер заман, кер заман: Өлең // Көкшетау. – 1990. – 6 қазан.

=====

Оқу, білім. Тырна. Ұршық. Балға. Диірмен. Кет надандық. Ескі әдет: Өлеңдер // Алаш. – 1992. – 29 сәуір.

=====

Ұран; Біз қазақ: Өлеңдер // Оңтүстік Қазақстан. – 1989. – 15 февр.

=====

